

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. *Фреик Н.* Петр Штомпка. Доверие: социологическая теория/ Социологическое обозрение Том 2. № 3. 2002.
3. *Эфендиев А. Г.* Социальные взаимодействия: формы, типы и принципы регуляции / Общая социология: Учебное пособие / Под общ. ред. А. Г. Эфендиева. - М.: ИНФРА-М, 2000.
4. Серикжанова С.С. Публичное пространство в современном городе/Журнал «Глобальные вызовы и современные тренды развития высшего образования», Алматы, 2012.
5. Онлайн режим: <http://articlekz.com/article/10959>

ӘОЖ 316.35 [347.633:314.6]

БАЛА АСЫРАП АЛУШЫ ОТБАСЫЛАР КАТЕГОРИЯСЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Кәмен Диана Қасымқызы

diana_94_94@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-Досмурзаева Д.О.

Балалар құқығы Декларациясында (1959ж) келесідей айтылады: «Барлық балалар нәсіліне, ақ-қаралығына, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқада түсінігіне, туған жеріне жағдайына қарамастан өзіне тиісті мүмкіншіліктердің бәріне құқылы, яғни, келесідей мүмкіншіліктерге құқылы: Ерекше қамқорлықпен қорғалуға, сондай-ақ жақсы тамақ ішуге, баспана және медициналық қызметпен қамтамасыз етілуге, тәрбиеленуге, рухани және физикалық жағынан да дамуға, денсаулығы әлсіз болса, емделуге, сырттан шектеу болса ерекше қамқорлыққа, ата-анасының және басқа да адамдардың сүйіспеншілігі мен түсіністігіне, егер ағайын-туыстары жәрдемдесе алмаса, онда үкіметтің қарамағынада қамқорлықта болуы құқылы ...»[1].

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев еліміздегі жетім, тастанды, ата-анасының қарауынан айырылған балалардың көптігіне және балалар үйлері мен интернат мекемелерінің қазіргі жай-күйіне назар аударып отыр. Қазіргі таңда Қазақстанда 34 мыңнан астам ата-анасының қарауынсыз қалған балалар бар. Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі статистикалық мәлімдемесі бойынша жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі балалар саны 8181 құрайды. Қамқоршылықтағы және қорғаншылықтағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны 21798, патронаттық тәрбиедегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны 1597 құрайды.

Бүгінде Қазақстан бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 150 мыңға жуықтайды. Ал мүгедек балаларды асырап алу мәселесі Қазақстанда соңғы 2-3 жыл көлемінде ерекше маңыздылыққа, өзектілікке ие болып отыр. Мүгедек баланы асырап алу біздің қоғамда бүгінгі күні айтарлықтай кең өріс алмайды, бұл көп жағдайда шетелдік тенденция. Қазақстанда халықаралық асырап алушылыққа 1999 жылдан бері рұқсат етілген. Яғни сол жылдан бері өткен уақыт ішінде шетелдік азаматтар Қазақстаннан 8 мыңнан астам жетім балаларды асырап алған. Шетелдік азаматтар асырап алған қазақстандық балалардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 12 наурызда Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялады.

Қазіргі кезде отбасына әлеуметтік институт ретінде ерекше зейін аударылады. Көптеген мамандар отбасын маңызды реабилитациялық әлеуетке ие құрылым ретінде

қарастырады. Баланың алғашқы өмір сүруі мен қалыптасу қадамы отбасында өтеді. Сондықтан тұлғаның қалыптасу нәтижелігі ең бастысы отбасына тәуелді.

Елімізде бала асырап алу — заңи акт болып саналады. Ол баланың және оны тәрбиелеуге алған адамның арасындағы құқықтық қарым- қатыныстарды айқындайды. 1998 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған ҚР-ның “Неке және отбасы туралы” заңында бала асырап алудың тәртібі, оның құқықтық салдары, тиісті адамдардың заңи міндеттері мен жауапкершіліктері, т.б. егжей-тегжейлі қарастырылған (12 тарау). Баланы тәрбиесіне алуға тілек білдірген адамның өтініші бойынша бала асырап алу ісін сот қарап, азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша жүзеге асырады. Асырап алу қарым-қатынастарының субъектілері асырап алушылар мен асыранып алынатын балалар болып табылады. Асырап алу сот арқылы асырап алушылар арыздары негізінде жүзеге асырылады. Неке және отбасы туралы заңының 76 бабы бойынша асырап алу тек кәмелетке толмаған балаларға қатысты рұқсат етілетінін белгілесек жөн болар, бұл Балалар туралы конвенцияның 21 бабына сәйкес. Заң бойынша ҚР-ның азаматы болып саналатын балаларды, егер ел аумағында тәрбиелеу мүмкіндігі болмаса, шетелдік азаматтардың немесе республика территориясынан тыс жерде тұратын туыстарының асырап алуына рұқсат етілген.

Социолог А.Г. Харчев отбасының мынадай әлеуметтік қызметтерін бөліп көрсетеді:

- қалпына келтірушілік – жеке тұлғалық тұрғыда балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, биологиялық қалпына келтіру;
- тәрбиелік – жас ұрпақты тәрбиелеп, әлеуметтендіру;
- шаруашылық-тұрмыстық – қоғам мүшелерінің тән саулығын қолдау, отбасындағы балалар мен қартаң мүшелерді күту;
- экономикалық-кәмелет жасына толмағандар мен отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелеріне қаржылық қолдау жасау;
- бастапқы әлеуметтік бақылау – өмірлік қызметтің әр түрлі салаларында отбасы мүшелерінің мінез-құлықтарын моральдық жағынан реттеу, сондай-ақ жұбайлардың, ата-аналар мен балалардың арасындағы қатынастағы жауапкершіліктер мен міндеттемелерді реттеу;
- рухани қарым-қатынас – отбасы мүшелері жеке тұлғаларының дамуы, рухани жағынан өзара байытылу;
- әлеуметтік-мәртебелік – отбасы мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік мәртебе беру; қоғамның әлеуметтік құрылымын қабылдау;
- бос уақыттық – бос уақытты ұтымды ұйымдастыру, қызығушылықтардың өзара байытылуы;
- эмоциялық-психологиялық қорғанысқа, эмоциялық қолдауға ие болу. Егер отбасының бұл функцияларын балалар үйіне түсіретін болсақ, онда балалар үйі баланың әлеуметтік өмірге араласуының аса маңызды функциясын орындауы тиіс [2]. Бұл функцияның басымдығына балалар үйінде тәрбиеленетін жетім балаларда аса маңызды әлеуметтік құрылым – отбасының ықпалы жоқтығы жағдай жасайды. Тәрбиеленушілер үшін балалар үйі уақытша болатын жер, оқу аяқталған соң балалар өздігінен өмір сүру үшін ашық әлеуметтік ортаға шығарылады. Балалар үйінің тәрбиеленушілерді бұл дербес өмірге қаншалықты дайындағаны олардың одан кейінгі өмір жолдарының ойдағыдай болуына жағдай жасайды.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың қолданыстағы формаларын төрт санатқа бөлуге болады:

- отбасылық (қорғаншылдық, қамқорлық, асырап алу);
- мемлекеттік (сәбилер үйлері, балалар үйлері, әр түрлі үлгідегі мектеп-интернаттар);
- мемлекетте қорғаншылық міндеттердің бір бөлігін сақтай отырып, отбасылық тәрбиенің элементтерін үйлестіретін мемлекеттік-қоғамдық санат (балалар қабылдайтын отбасылар – отбасылық балалар үйі, патронаттық отбасылар, балалар баспанасы);

– мемлекеттік емес (жекеменшіктегі балалар үйлер, баспаналар және басқалар).

Кез-келген бала әлеуметтік өмірдің нормаларын меңгеруі қажет. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала, әрбір тұлға сияқты, жаңа әлеуметтік жағдайларға түскенде, бейімделу кезеңінен өтеді. Осы тұста, айтып кететін жәйт, кез-келген орын басушы отбасы- бұл бала үшін жаңа әлеуметтік жағдайлар. Жаңа отбасына келген бала жаңа әлеуметтік қатынастар жүйесінен бірден қосылуы міндетті емес. Бастапқы жарты- бір жыл көлемі американдық зерттеушілердің пікірі бойынша жаңа отбасы, үш жыл-бұл кезең бала мен асырап алушы отбасылар үшін бірге өмір сүруге бейімделу кезеңі. Бала жеткілікті аз уақыт аралығында қажетті нормаларды, жаңа отбасының моральді -этикалық құндылықтарын меңгеруі қажет. Бұл бейімделу кезеңі асырап алынушы бала үшін де, асырап алушы отбасы үшін де сынақ кезеңі болып табылады.

Г.Н.Соломатина бойынша баланың асырап алушы орын басушы отбасы жағдайына әлеуметтік бейімделу процессі келесі кезеңдерге бөлінеді: [3]

Бірінші кезең- баланың күйзелісті, стресстік кезеңдегі жағдайы, оның пайда болуы себебі – баланың өмір сүру жағдайының толықтай күрт өзгеруі.

Екінші кезең- әлеуметтік-тұрмыстық бағдар кезеңі, бұл кезінде баланың тұрмыстық жағдайлармен танысу процессі және әлеуметтік байланыстарды кеңейту.


Үшінші кезең- әлеуметтік рөлдерді меңгеру кезеңі, бұл кезеңде жаңа отбасында баланың өзіндік сана позициясын сезіну процессі жүргізіліп, «жаңа» анасымен мінез-құлық стилін және ана –бала ролдік позициясын айқындау.

Төртінші кезең-өзін-өзі бекіту(самоутверждения) кезеңі. Бұл кезде баланың белгілі бір қоғамдық мәртебеге жетуге ұмтылуы, яғни отбасында және қоғамдағы өзіндік лауазымы. Біртіндеп бір кезеңнен екінші кезеңге өту әрбір баланың әлеуметтік дамуы үшін жағымды өзгерістерді қалыптастырады.

1-Сызбанұсқа М.Г. Савельева бойынша Алмастырылған отбасының психологиялық және педагогикалық сүйемелдеу моделі

1- кестенің жалғасы

2-



Елімізде балалар үйінде тәрбиеленетін балалар санының көрсеткішін азайту үшін, асырап алушы отбасылар санын көбейтуіміз керек. Сол себептен бала асырап алуға деген қоғамның көзқарасы мен белсенділігін және асырап алу жайлы ақпаратқа ие болу деңгейін анықтау мақсатында, Астана қаласы Сарыарқа ауданы бойынша 18 жас пен 60 жас аралығында 40 респонденттен 20 сұрақтан құралған сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша бала үшін берілген екі нұсқа бойынша қайсысы жақсы болып табылады деген сұраққа респонденттердің 92,5% асырап алу, ал 7,5% интернатта тәрбиелену нұсқасын таңдаған. Қазақстандағы бала асырпа алу мәселесіне байланысты заңнамалық актілер деген ашық сұраққа респонденттердің 30% жауап бермеді, 70% респондент Конституция, Бала құқығы туралы заң, Неке және отбасы туралы заң, Азаматтық кодекс, Бала құқығы туралы

конвенция,Әлеуметтік қамту туралы заң деп жауап берген.Сонымен қатар сауалнамада Қазақстандағы бала асырап алу процедурасын анықтау үшін, асырап алу процедурасын жеңілдету қажет деп санайсыз ба деген сұраққа 20% жауап беруге қиналамын,5% жоқ деп жауап берсе, 75% жеңілдету қажет деген нұсқаны таңдаған.Шетел азаматтарының бала асырап алуына 20% респондент оң көзқараспен қараса,25% жауап беруге қиналады, ал респонденттердің 55% теріс көзқараспен қарайтынын белгілеген. Кез-келген жауап санын беруге болатын 11 нұсқадан тұратын не себептен асырап алушы ата-ана болуға шешім қабылдайды деген сұраққа: денсаулығына байланысты бала сүю мүмкіндігінен айырылған деген нұсқа 67,5% құрайды.Бала тәрбиелеуге ниетті,өз балалары есейіп кеткен 10%,бала тәрбиелеуге ниетті,туған балаларының болмауы 45%,бала жалғыздықтан құтқарады 15%, жетім балаларға арналған жеңілдіктер мен жәрдемақыларды алу мүмкіндігін респонденттердің 10% жауап берген. Бала тәрбиелеу үшін мүмкіндіктердің болуы 12,5%,нағыз отбасын сыйлауды қалау 22,5%, көп балалы отбасын құруды қалау 15% құрайды.Сізге бала асырап алу жайлы ойлар келді ме деген сұраққа 42,5% иә,35% жоқ деп жауап берген және 22,5% жауап беруден бас тартқан.Бала асырап алар ма едіңіз (өзіңіздің баланыз бола тұра) деген сауалнамаға респонденттердің 42,5% ешқашан бұл мәселе жайлы ойламадым деп, 15% жауап беруге қиналамын,ал иә, асырап алатын едім деп 42,5% респондент жауап берген. Балаларға қатысты қайырымдылық іс-шараларына қатыстыңыз ба немесе волонтер болдыңыз ба деген сұраққа 52,5% иә деген нұсқаны тандаса, 47,5% респондент жоқ деп жауап берген.Осы сауалнама нәтижесінде тұрғындардың бала асырап алуға оң көзқараспен қарайтындығын,еліміздегі асырап алу поцедурасын жеңілдету шараларын қарастыру қажеттілігі және бала асырап алуға байланысты халықтың ақпараттандыру деңгейін жетілдіру талап етіледі.

Қазіргі кезде отбасына әлеуметтік институт ретінде ерекше зейін аударылады. Көптеген мамандар отбасын маңызды реабилитациялық әлеуетке ие құрылым ретінде қарастырады. Баланың алғашқы өмір сүруі мен қалыптасу қадамы отбасында өтеді. Сондықтан тұлғаның қалыптасу нәтижелігі ең бастысы отбасына тәуелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бала құқығы туралы конвенция 1989 жыл
2. Харчев А.Г. Воспитание и жизнедеятельность личность. – М.: Наука, 1975жыл
3. Г.Н.Соломатина Приемные дети: как справиться с проблемами адаптации и воспитания в замещающей семье. Москва 2014 г. 35 б.
4. Людмила Петрановская Дитя двух семей. Книга для приемных родителей. Москва 2016г.

УДК 316.775.2

ФАКТОРЫ РЕЛИГИОЗНОГО ПЕРЕХОДА В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

Кудайбергенова Тлеулес Бауржановна

Tleules.suleimenova@mail.ru

студент специальности «Социология» Факультета социальных наук

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева

Научный руководитель – О.В. Калдыбаева

В условиях глобализации и религиозного возрождения все большее число стран приобрело черты поликонфессиональности, в результате чего актуальным становится вопрос межконфессионального взаимодействия и сохранения общественной стабильности. Религия-это институт общества, который позволяет верить и поклоняться духовному [1]. На сегодняшний день казахстанцы находятся в транзитной политической и социально-